

ӘОЖ 331.5:314; 331.101.23

К.А. Абенова

Т. Рысқұлов атындағы ҚазЭУ, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

E-mail: abenova_66@mail.ru

Қазіргі отбасылардың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері

Зерттеудің мақсаты – қазіргі отбасылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен үй шаруашылығының кіріс деңгейі көрсеткіштерін сипаттайтын негізгі статистикалық мәліметтер беру және отбасының негізгі мәселелерін дәйектеу. Әлеуметтік-демографиялық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыда отбасы үлгісіне қатысты әртүрлі болатын зерттеу жүйесін дамыту бойынша ғылыми негізделген кепілдемелер және әдістемелік (қолданбалы) нұсқамалар дайындау.

Зерттеуде жүргізу үдерісінде экономикалық және статистикалық сараптау, салыстыру және сараптама, сондай-ақ дәйектеу арқылы баға беру сияқты әдістері пайдаланды.

Бірегейлігі/құндылығы: алынған тұжырымдамалар теоретикалық тұрғыдан демографиялық жағдайдың деңгейі жоғары болғанда, заманауи отбасылары мәселелері өз шешімін тапқан кезде маңызды, сондай-ақ жастарды отбасылық өмірге дайындау барысында, рухани тәрбиелеу, мәдени және тарихи дәстүрлерді, отбасылық құндылықтарды сақтауға үйрету кезінде негізгі тұрғыдан маңызды.

Зерттеу нәтижелері: Қазақстан Республикасы халқының демографиялық жағдайы бойынша зерттеулік жұмыстар жоғарыда көрсетілген өзекті мәселелерді толықтай қамтыған кезде ғана оларды шешуге көмегі тигізеді.

Отбасы, сәбидің дүниеге келуі, отбасы мүшелерінің денсаулығы, білім алу, сапалы өмір сүруге талпыну.

Ата-аналар отбасы мәселелеріне қатысты жауапкершілікті сезген кезде ғана мемлекет тарапынан пайдалы шешімдер таба алады. Алынған ең маңызды нәтижелер төмендегідей қорытындыланады:

көпбалалы отбасылар, жалғызбасты аналар, мүгедек балалары бар отбасылар, студенттер, нарықтық қарым-қатынасқа көшкен жұмыссыз отбасыларының экономикалық жағдайлары туралы статистикалық сипаттамалар берілген;

төменгі кіріс көлемін, денсаулық сақтау және білім беру (оның ішінде мектепке дейінгі мекемелер) салаларының ақылы қызмет көрсетуге ауысуы, кіріс көздерінің тұрақсыздығы, жұмыссыздық, әсіресе жастар арасында жұмыссыздықтың көбейуіне қатысты салыстырмалы сараптама дайындалды.

Түйін сөздер: отбасы кірісі, үй шаруашылығы, отбасылық құндылықтарды жаңғырту, халық саны, жастарды отбасылық өмірге дайындау.

К.А. Abenova

Socio-economic features of modern families

This article discusses the socio-economic condition of the average modern Kazakh families (wealth). This article discusses the socio-economic condition of the average modern Kazakh families (wealth). Provides statistical information, such as the main indicators of the socio-economic situation of families, household income level and refine the basic problems of the family. Produced evidence-based recommendations and practical guidance (policy) for the development of research in the various socio-demographic and socio-economic families sample. The following are the most important results:

– provide statistical information that describes a significant decline in economic performance of large families, single mothers, families with children, disabled persons, students, unemployed families with the transition to a market economy;

– a comparative analysis of low incomes, areas of health and education (pre-school) to paid services, income instability, unemployment, especially unemployment among young people is increasing.

Key words: household income, household, the restoration of family values, population size, preparation of youth for family life.

К.А. Абенова

Социально-экономические особенности современных семей

В этой статье рассматриваются социально-экономические состояния современных казахстанских семей среднего уровня (достатка). Даны статистические сведения, характеризующие основные показатели социально-экономического положения современных семей, уровня прибыли домохозяйства, и при этом уточнены основные проблемы семьи. Подготовлены научно обоснованные рекомендаций и практические (методические) инструкции по развитию системы исследования различные в социально-демографическом и социально-экономическом отношении образца семей.

Получены следующие самые важные результаты: приведены статистические сведения, описывающие значительное снижение экономических показателей многодетных семей, состояние матерей одиночек, семей имеющих детей инвалидов, студентов, безработных семей с переходом к рыночным отношениям; подготовлен сравнительный анализ низкого уровня доходов, перехода сфер здравоохранения и образования (из них дошкольные учреждения) к платному обслуживанию, нестабильности доходов, уровня безработицы, особенно увеличение безработицы среди молодежи.

Ключевые слова: доход семьи, домохозяйство, воссоздание семейных ценностей, численность населения, подготовка молодежи к семейной жизни.

2012 жылдың 24 желтоқсанында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты тақырыппен Қазақстан халқына арнайы стратегиялық бағдарламасын жариялады. Ел өмірін 2050 жылға дейін өркендетудің жан-жақты жолдарын қамтыған бағдарлама жиыны жеті бағыттан тұрады. Олар: экономикалық саясат, кәсіпкерлікті қолдау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білімді өркендетіп, мемлекеттілік пен демократияны дамыту және сыртқы саясат пен қауіпсіздікті нығайтып, елдегі патриотизмді күшейту. «Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік» деп көрсетілген жаңа бағытта халықты, оның ішінде қоғамның әртүрлі санатындағы мұқтаж жандарды және қоғамның ең маңызды іргетасы – отбасын қолдау шаралары қарастырылған. Бұл бағыттың басты мақсаты – әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтардың бақуаттылығы. Елбасының айтуы бойынша: «Бұл бағыт – қоғамдағы тұрақтылықтың ең жақсы кепілі. Біздің қоғамда уақыт сынына төтеп бере алатын жаңартылған және әлдеқайда тиімді әлеуметтік саясатқа деген сұраныс өсіп келеді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік саясаттың мінсіз және әмбебап үлгісі жоқ. Бұл барлық азаматтары сол әлеуметтік жүйеге қанағаттанатындай бірде-бір қоғамның жоқтығы сияқты.

Әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтардың бақуаттығы мәселелерін шешу – бұл әрбір қазақстандыққа әсер ететін қиын және өте

маңызды міндет. Сондықтан бұл тұста әр қадам мұқият ойластырылған болуы тиіс» [1]. Адамның бойына тұрақтылық пен психологиялық жайлылық үмітін жандыра алатын жалғыз әлеуметтік институт – Отбасын, аналық және балалық шақты қолдау жүйесі (тууға жәрдемақы, 1 жасқа дейінгі балаларды күтуге арналған жәрдемақы).

Әлеуметтік тәуекелдер пайда болып, әлеуметтік қызметтерді көрсету қажет болғанда әлеуметтік қолдау жүйесі.

Халықтың әлжуаз, аз қамтылған топтарын әлеуметтік қорғау жүйесі (көпбалалы отбасылар, еңбекке жарамсыз халық).

Зейнеткерлік жүйе.

Тегін білім алуға қол жетімділікті қамтамасыз ету жүйесі (жалпы және кәсіби).

Міндетті медициналық көмекке кепілдік ету жүйесі.

Мемлекеттік қызметкерлерді, бюджет саласы мен жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жүйесі.

2006 жылдан бері Қазақстанда балалары бар отбасыларды қолдаудың жаңа кешенді жүйесі енгізілді, онда баланың дүниеге келуінде берілетін өтемақыны, бір жасқа дейінгі балаға төленетін өтемақыны және аз қамтылған отбасылардан 18 жасқа дейінгі балаларға өтемақы беру қарастырылған. 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап, әлеуметтік сақтандырудың Мемлекеттік қорынан жұмыс жасайтын әйелдерге жүктілігі және босанғанға дейінгі әлеуметтік өтемақылар және де балаға қарау үшін орташа жалақының 40%-ын құрайтын әлеуметтік төлемдер төленеді.

Бала дүниеге келгенде төленетін жәрдемақыны 2012 жылдың 1 шілдесінде 212,3 мың адам алды, ол 2011 жылдың баламалы кезеңіне қарағанда 23,4 % артық. Оның өзінде өтемақыларға төленетін шығындар 10,4 млрд теңгені құрады, ол өткен жылға қарағанда 33,3 %-дан артық. Бұл көрсеткіштер үкіметтің бала туу мен оның күтіміне беретін әлеуметтік төлемдерінің басқа елдермен салыстыранда аз болғанына қарамастан туудың өсуі жоғарылағанын көрсетеді.

Баланы күтіміне жәрдемақыға орташа есеппен 142,2 мың адам қамтылған, ол өткен кезеңмен

салыстырғанда 2,9 % артық. Оның өзінде өтемақына төлеуге жұмсалатын шығындар 12,9 млрд теңгені құрады немесе өткен жылдың баламалы кезеңімен салыстырғанда 24,0 % артты [8].

Төмендегі 1-кестеде, ана мен балалық шақты әлеуметтік қолдау Қазақстанда бес бағыт бойынша дифференцияланғанын көруге болады. Әлеуметтік өтемақылардың жаңа түрлері бойынша 2010 жылдан бері өтемақы ата-аналарға, қамқоршыларға, мүгедек-балалардың тәрбиешілеріне бір минималды жалақы мөлшерінде беріледі.

1-кесте – Демографиялық ахуалды арттыруға әрекет. Балалары бар отбасыларға өтемақы мөлшерінің артуы

Жаңашыландыру	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.
Бала тууына байланысты төленетін бір жолғы жәрдемақы: - бірінші, екінші және үшінші балаға; - төртінші және одан жоғары балаға.	16380 теңге	38880 теңге	42390 теңге 70650 теңге	45360 теңге 75852 теңге
бала күтіміне байланысты 1 жасқа дейін төленетін жәрдемақы бірінші – екінші – үшінші – төртінші және одан жоғары балаларға –	3276 теңге 3822 теңге 4368 теңге 4914 теңге	6480 теңге 7128 теңге 7776 теңге 8424 теңге	7772 теңге 9185 теңге 10598 теңге 12011 теңге	8316 теңге 9828 теңге 11340 теңге 12852 теңге
Аз қамтылған отбасындағы 18 жасқа дейінгі балаларға төленетін жәрдемақы	1092 теңге	1296 теңге	1413 теңге	1512 теңге
Көп балалы аналарға төленетін арнайы мемлекеттік жәрдемақы	4259 теңге	5055 теңге	8478 теңге	9240 теңге
Бала асырап алушы ата-аналарға және мүгедек балаларды тәрбиелеушілерге төленетін жәрдемақылар	12858 теңге	13905 теңге	14952 теңге	15999 теңге
<i>Ескерту:</i> ҚР Статистика Агенттігінің мәліметтерінің негізінде құрастырылды				

Кедей топты қолдауда әлеуметтік бағдарламалар өз мақсаттарына жетіп отырғандығын немесе отырмағандығын анықтауға мүмкіндік беруші маңызды көрсеткіштер кедейшілік көрсеткіштері болып табылады: кедейлердің үлесі, кедейлік ауқымдылығы, кедейлік өткірлігі.

Абсолютті кедейшілікті азайтудың жалпы үрдісінде бағалау жағдайында «кедейлер үлесі» көрсеткіші саралаудың толық көлемдегі оңтайлы құралы болып табылады. Алайда, кейбір жағдайларда, осындай немесе өзге де шаралардың әсер ету саралауын қоса отырып,

халық арасындағы кедейлік үлесінің көрсеткішін қолдану алынған әсерлерді бағалауға мүмкіндік береді. Кедейлік ауқымдылығы мен кедейлік өткірлігі – кедей халық арасындағы табыстардың алшақтығын көрсетеді де аз қамтылған халыққа әлеуметтік бағдарламалар көмегі үшін аса маңызды ақпаратты ұсынады. Осылайша, барлық үш көрсеткішті бір уақытта мақсатты қолдану кедейлік бойынша жағдайды мейлінше толық түсіндіреді. Әлеуметтік бағдарламалар көмегі үшін мақсатты көрсеткіштің қандай болатындығына байланысты, мемлекет тарапынан аз қамтылғандарға мақсатты топ және

көмекті қажет ететіндерді таңдау әдісі өзгеруі мүмкін. Осылай, егер басты көрсеткіш ретінде кедейлік деңгейі анықталса (күн көріс минимумынан төмен табысы бар үй шаруашылығы), онда мемлекеттің әлеуметтік көмегі кедейшіліктен шығуы оңай топқа бағытталуы тиіс. Бұл – табыстары күн көріс деңгейінен сәл төмен адамдар. Егер индикативті үшін күн көріс деңгейінен төмен табысы бар адамдарды «кедейлік ауқымдылығы» көрсеткіші таңдалса, онда мақсатты топ мейлінше кедей болулары тиіс, бұл шара олардың табыс алшақтығы мен күн көріс деңгейін азайту үшін жасалады.

2000 жылы қыркүйекте Нью-Йоркте Президент Н.А.Назарбаев әлемдік көшбасшылар қол

қойған мынжылдық декларациясында алдағы міндеттердің бірі: «1999 жыл мен 2015 жылдар аралығында табысы күн көріс деңгейінен төмен адамдар үлесін екі есе азайту» деп мәлімдеген болатын. Осылай, аз қамтылғандарға әлеуметтік бағдарламалар тиімділігін бағалаудың басты индикаторы – табысы күн көріс деңгейінен төмен халық үлесі болып табылады.

Ресми статистика мен үкімет есептерінен 2003-2012 жылдары кедей халықтың үлесі анық түрде елде 7,2 есе (46,7%-дан 6,5%-ға дейін) кеміді.

Кедейлік үлесі ауылда да тез қарқынмен төмендеген (59,4%-дан 2003 ж. 10,1%-ға дейін 2013 ж.) бірақ қала халқының кедейлік үлесімен салыстырғанда үш есе жоғары.

2-кесте – Қазақстанның ауылдық және қалалық жерлердегі 2003-2012 жылдар аралығындағы кедейшілік деңгейін бейнелеуші көрсеткіштер

Кедейлік көрсеткіші	жылдар									
	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012
Кедейлер үлесі, қала%	36,0	33,0	24,7	23,4	20,2	13,6	6,9	8,1	4,1	3,7
Кедейлер үлесі, ауыл %	59,4	58,4	53,2	47,1	45,6	24,4	18,1	15,9	12,1	10,1
Азық-түліктік кедейлік, қала%	10,7	8,6	4,9	3,9	2,4	1,8	0,7	0,6	0,2	0,3
Азық-түліктік кедейлік, ауыл %	22,6	20,1	14,2	9,4	8,5	3,8	2,1	1,7	0,9	0,6
Кедейлік тереңдігі, %	14,8	13,3	10,2	8,3	7,5	3,9	2,4	2,3	1,3	1,1
Кедейлік өткірлігі, %	6,5	5,5	3,9	2,9	2,5	1,3	0,8	0,7	0,3	0,3

Дереккөз: Қазақстан халқының өмір сүру деңгейі 2006-2012// Статистикалық жинақ, Астана, 2012, 179 б.
 Қазақстан халқының өмір сүру деңгейі // Статистикалық жинақ, Астана, 2006, 199 б.
 Қазақстан халқының өмір сүру деңгейі. Статистикалық жинақ. / ред. Шокаманова Ю.К. – Астана, 2007, 56-59 б.

Осылайша, кедей халық үлесінің төмендеу үрдісі 2003 жылдан бері байқалуда және 2008 жылғы қаржылық дағдарысқа қарамастан сақталып қалуда, бұл дамудың экономикалық теориясына қайшы келеді. Кедейліктің төмендеуі, дағдарыстың қысқа уақытында болмасын, мемлекеттік әлеуметтік саясат шараларымен негізделген: 2009-2010 жылдары Жол картасы бағдарламасының жүргізілуі, зейнетақының өсуі, бюджеттік саладағы жалақының артуы және т.б.

Халықтың табысын арттыру мақсатында

қолдау көрсете отырып және елдің мейлінше кедей тобына әлеуметтік кепілдемелер ұсына отырып мемлекет басты рөлді ойнайды.

Осылай, 2010 жылы зейнетақының ең төменгі мөлшері зейнеткердің күн көріс минимумынан асып түссе де 2001 жылмен салыстырғанда 3,1 есеге өскен, бірақ халықтың күн көріс минимумынан айтарлықтай төмен деңгейде.

Мемлекет орнатқан, жалақының минималды мөлшері көрсетілген уақытта 4,3 есеге өсіп, 2005 жылдан бері еңбекке қабілетті адамның күн көріс минимумынан асып түсті.

2003-2012 жылдар аралығындағы корреляциялық саралау нәтижесінің негізінде жалақының минималды мөлшері мен кедей халық үлесінің арасындағы және де зейнетақының минималды мөлшерімен тығыз теріс деңгей анықталды, (корреляция коэффициенті $r = -0,82$ және $-0,97$ сәйкесінше, тәуелділіктің жоғары деңгейі). Бұл жалақының минималды мөлшерінен асып түскенде кедей халық үлесі азаятынын көрсетеді. Бұл кедей халық үлесін төмендетуге қабілетті механизмдердің бірі болуы ықтимал.

ҚР статистика Агенттігінің мәліметтері бойынша 2012 жылы үй шаруашылығындағы кедей топтардың бір жылдағы жан басына кеткен қаржы – 132 476 тг, ал жақсы қамтамасыз етілген отбасылардың қаражаты жан басына 533190 тг теңге. Кірістің қатынасы 2012 жылы эквивалент шкаласының көрсеткішімен 4,5 есеге, ал эквивалент шкаласының есебінсіз 5,3 есеге қамтамасыз етілген.


Отбасының кірісіне байланысты олардың тамақтарды тұтыну түрінде де ерекшеліктер

болады. Азық-түліктің тұтыну түрі азаяды. Салыстыратын болсақ, 2011 жылы аз қамтамасыз етілген отбасылардың 10%-ы жеміс жидек, ет және ет өнімдерін 5 есеге аз пайдаланған, ал балық және теңіз тағамдарын 4 есеге аз тұтынған.

Қазақстан халқының ақшалай кірістері құрылымының динамикасын қарастыратын болсақ, 2003-2012 жылдар аралығында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ.

Осы он жыл ішінде еңбек кірісінің үлес салмағы 2003 жылы 77%-дан 2012 жылы 81%-ға өсті және осы жоғарғы қалпында қалып отыр. Соған қарамастан, әлеуметтік трансферттер үлесі 2%-ға төмендеді және ол 2012 жылы 15%-ды құрады, басқа да ақшалай түсімдер 2%-ға азайды.

Отбасы кірісінің құрамындағы жалданып жұмыс істеуден түскен кірістің үлесі 2006 жылғы 67,9%-дан 2010 жылы 71,3%-ға өсті. Осыған байланысты, мемлекеттегі кедей халық үлесі динамикасының өзгеруі мен жағдайды жақсартуға қол жеткізудің басты көзі жалдамалы жұмыстың еңбекақысы болып табылады.



2- сурет – ҚР халқының 2003-2012 жж. ақшалай кірісі құрылымының өзгерісі

Дереккөз: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде құрастырылды


Отбасы кірістерінің құрамындағы жеке меншіктен түскен кіріс үлесі мен кәсіпкерлік қызметтен

түскен кіріс үлесін анықтаудың маңызы зор. Соңғы жылдары Қазақстанда орын алған шағын бизнес масштабының кеңеюі мен қаржылық инфрақұрылымның дамуы жеке меншіктен және кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістер үлесінің артуын қамтамасыз етуі тиіс және де халықтың ақшалай кірісінің құрамындағы бұл көрсеткіштердің үлесі өсуі қажет. Бірақ Қазақстанда жеке меншіктен түсетін кірістің

үлесі төмен деңгейде: 2003-2011жж. аралығында 0,4%-дан 0,7%-ға өсті, ал 2012 жылы 0,5%-ға кеміді. 2008-2012 жж. аралығындағы өзін-өзі жұмыспен қамтудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістердің үлесі тұрақты кему тенденциясында болды: 2008 жылғы 11,8%-дан 2010 жылы 9,6%-ға төмендеді. Жұмыспен қамтылған халықтың 33%-ын құрайтын, шағын бизнесті қолдау және өзін-өзі жұмыспен қамтитындарды

оқытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларды дамыту және олардың халық кірісіндегі үлесін,

белсенді кәсіпкерлер санын арттыра отырып, кем дегенде 20%-ға көбейту қажет.



3-сурет – ҚР 2006-2010 жж. аралығындағы өзін-өзі жұмыспен қамту, жеке және кәсіпкерлік қызмет бойынша халық кірісінің динамикасы

Дереккөз: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде құрастырылды

Қазақстанның қалалық және ауылдық жерлерінде тұратындардың үй шаруашылығындағы кіріс құрылымдарының арасында айтарлықтай ерекшеліктері бар. 2012 жылы қалалық жерлердегі үй шаруашылығының кірісі келесі табыс көздерінен: жалданып жұмыс істейтіндердің еңбекақысынан (75,1%), жеке және кәсіпкерлік қызметтен түскен табысынан (6,6%), сонымен қатар зейнетақыдан (11,6%) құралды. Ауылдағы үй шаруашылығы кірісінің көп бөлігін жалданып жұмыс істейтіндердің еңбекақысы (63,5%) құрады, бірақ бұл қаладағыға қарағанда салыстырмалы түрде төмен болды. Сонымен қатар қалада да ауылда да кірістің айтарлықтай бөлігін шаруа қожалықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтарда өндірілген ауылшаруашылық өнімдерін сатудан жиналған ақшалай түсімдерден қалыптасқан жеке және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар (15,8%) құрады.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, Қазақстандағы

отбасылардың еңбектен түскен табыс құрамының негізгі көзі – жалдамалы жұмыстан түскен табыс. Орташа жалақы мөлшері жан басына шаққандағы номиналды ақшалай табыс пен зейнетақы үлесінен айтарлықтай жоғары (3-кесте). 2007-2012 жылдар аралығында экономикалық өсімнің негізінде номиналды орташа айлық табыс мөлшерінің өскені байқалды, ал орташа еңбекақы мөлшері мен кірістің арасындағы айырмашылық қысқарып, орташа еңбекақы мөлшері мен зейнетақының арасындағы айырмашылық керісінше өскен. 2010 жылғы экономикалық дағдарыс бүкіл Қазақстан бойынша еңбекке ақы төлеудің өсу темпіне әсерін тигізді, ал мемлекетпен қабылданған бағдарламалар халықтың осал топтарын қолдауға пайдаланылды, мысалы, зейнеткерлер, сондықтан орташа еңбекақы мөлшері мен зейнетақы арасындағы айырмашылық айтарлықтай төмендеді.

3-кесте - 2007-2012жылдардағы ҚР халқының ақшалай кіріс көздері көрсеткішінің динамикасы


Көрсеткіштер	жылдар					
	2007	2008	2009	2010	2011	2012
Тағайындалған зейнетақының орташа мөлшері, теңге	9061	9898	10654	13418	17090	21238
Номиналды орташа айлық еңбекақы, теңге	34 060	40 790	52 479	60 805	67 333	77 611

Жан басына шаққандағы номиналды ақшалай табыс, тенге	15787	19 152	25 226	32 984	34 282	38 779
Номиналды орташа айлық еңбекақы мен жан басына шаққандағы номиналды ақшалай табыс мөлшерінің қатынасы, есе	2,2	2,1	2,1	1,8	2,0	2,0
Номиналды орташа айлық еңбекақы мен тағайындалған зейнетақының арасындағы орташа мөлшері арасындағы қатынас, есе	3,8	4,1	4,9	4,5	3,9	3,7
<i>Ескерту:</i> ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде құрастырылды						

Көптеген ғалымдардың пікірінше (Karoly 1993; Burkhauser 1996; Gottschalk, Smeeding 1997 және басқалар), еңбекақы мөлшеріндегі өзгерістер жеке табысты бөлудегі теңсіздіктің өсуінің негізгі себебі болып табылады, бұл құбылыс 20 ғасырдың 80-жылдарынан бастап барлық дамыған елдерде байқалып отыр. Lawrence E. Raffalovich, Shannon M. Monnatb и Hui-shien Tsa (2012 ж.) жүргізген зерттеулері барысында анықталғандай, үй шаруашылығының отбасылық табысының негізгі құраушысы жұмыспен қамтудан түскен табыс, ал аз қамтылған үй шаруашылықтары үшін бұл құраушылар әлеуметтік жәрдемақылар болуы мүмкін. Pierre Fréchette айтуы бойынша нарықтық экономикада адамдар өздерінің табысын жалданған болса, жалақысынан, кәсіпкер немесе жалға беруші болса, кіріс ретіндегі табыстан, егер жеке меншігі болса, түскен табыстан жинайды. Солай бола тұра, бұл кірістердің 85%-ын ғана жалақы құрайды. 2007-2012

жылдар аралығында номиналды орташа айлық еңбекақының өсу темпінің мөлшері орташа жылдың көрсеткіші 19,8%-ды құрады. Сонымен қатар нақты еңбекақының мөлшерінің өсімі де белгіленген – 2007-2012 жылдардағы оның орташа жылдық көрсеткіші 7,9%-ға жетті.

Sarah O'Hara and Michael Gentile өзінің «Household Incomes in Central Asia: The Case of Post-Soviet Kazakhstan» зерттеулерінде 2000 жылдан бері Қазақстан экономикасының өсімін орта есеппен 10% сипаттайды, бұл жанама зерттеулерден-ақ көрінетіндей өмір сүру деңгейін көтеруге де септігін тигізгенін айқындаған [9]. ҚР Статистика Агенттігі 2007-2012 жылдар аралығында номиналды еңбекақының өскендігін растайды, сонымен қатар үй шаруашылықтарының материалдық жағдайының жоғарылағанын және сәйкесінше өмір сүру деңгейінің жоғарылағанын да айқындайды, ол төмендегі диаграммада көрсетілген.



4-сурет – 2005-2012 жж. Қазақстан халқының күнкөріс деңгейінің көрсеткіштері, %

Дереккөз: ҚР Статистика агенттігінің мәліметі негізінде құрастырылды

4-суретте көрсетілгендей, Қазақстан халқының күнкөріс деңгейінің көрсеткіштері: табысы күнкөрістің ең төменгі шамасынан төмен халықтың үлесі және табысы азық-түлік қоржынының құнынан төмен халықтың үлесі болып табылады. Табысы күнкөрістің ең төменгі шамасынан төмен халықтың үлесі 2012 жылы 2011 жылмен салыстарғанда 1,5%-ға, 2011 жылы 2010 жылмен салыстырғанда 1,2%-ға, 2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 1,7%-ға, 2009 жылы 2008 жылмен салыстырғанда 3,9%-ға, 2008 жылы 2007 жылмен салыстырғанда 0,6%-ға, 2007 жылы 2006 жылмен салыстырғанда 5,5%-ға, 2006 жылы 2005 жылмен салыстырғанда 13,4%-ға төмендеген. Табысы азық-түлік қоржынының құнынан төмен халықтың үлесі 2012 жылы 2011 жылмен салыстарғанда 0,9%-ға өскен, 2011 жылы 2010 жылмен салыстырғанда 0,1%-ға өскен, 2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 0,2%-ға, 2009 жылы 2008 жылмен салыстырғанда 0,6%-ға, 2008 жылы 2007 жылмен салыстырғанда 0,2%-ға, 2007 жылы 2006 жылмен салыстырғанда 1,3%-ға, 2006 жылы 2005 жылмен салыстырғанда 2,5%-ға төмендеген. Осы кезде еңбекке ақы төлеуді ұйымдастырудың маңызды ауытқушылықтары орын алады. Ең бірінші экономикалық қызмет және аймақтар бойынша орташа жалақы мөлшерінің өзгерісі байқалады. Сонымен, 2010 жылы ең төмен орташа жалақы мөлшері ауылшаруашылығы, орман және балық шаруашылықтарында байқалды – 36 477 тг., ең жоғарғысы (экстратерриториялық ұйымдар мен органдардағы қызметтерді есептегенде) – қаржылық және сақтандыру қызметінде - 158 121 тг. Осылай, максималды және минималды еңбекақы мөлшерлемесі бойынша еңбекке ақы төлеу үлесінің коэффициенті 4,5 болды.

Сонымен, біздің мемлекетіміз – демографиялық ахуалды көтеруге, ана мен бала денсаулығына жіті назар аударуға, көпбалалы аналарға қолдау жасауға аса мән беріп отырған елдердің бірі. Ерлі-зайыптылардың, ата-ана мен балалардың арасында қалыптасатын патологиялық проблемалар отбасының әлеуметтік мәртебесіне қарамай, нашар қамтылған немесе сауаты төмен шаңырақтар сияқты, дәулетті, зиялы отбасыларда да болуы мүмкін. Отбасы және отбасы қарым-қатынастары институты қоғамның біртұтастығына елеулі түрде ықпал ететіні белгілі.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайының бұдан әрі жақсаруына орай отбасы саясатын, отбасы қарым-қатынастарын жетілдіру проблемалары алдыңғы орынға шығады. Сондықтан заңды неке институтына жан-жақты қолдау көрсету, отбасы құндылықтарын нығайту, оның абыройын көтеру барша қоғамның басты міндеттерінің бірі болып табылады. Бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі «ең алдымен, дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу» деп көрсетілген Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасында.

Қазіргі кезде мемлекеттің көптеген саясаты отбасы мәселесіне алаңдаушылығымен байланысты және ол жұртшылық назарын қазіргі отбасының жағдайына аудару, қоғамның негізгі институты ретінде отбасы мәнін арттыруға бағытталған шара болып есептеледі.

Қорыта келгенде, қазақстандық отбасылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуда төмендегі мәселерге назар аудару керек сияқты:

- халықтың өмір сүру деңгейінің негізгі әлеуметтік стандарттарын есептеудің әдістемесін қайта қарау қажет: күнкөріс деңгейінің мөлшері мен әлеуметтік көмек көрсетілу үшін қолданылатын «кедейлік шегін», күнкөріс деңгейінің минималды мөлшерін орташа жалақының 0,19-дан 0,30-ға дейін (1,0) жеткізу керек, мысалы, Ресей мен Беларусьияда бұл көрсеткіш 0,35 құрайды;

- әлеуметтік қолдау деңгейін 2010 жылы ЖІӨ-нің 4,2%-ынан 2015 жылы 10%-ға дейін жеткізу. Әлеуметтік қолдау бағдарламалары қажетті жергілікті еңбек нарығына сай еңбек және бейімделу тағылымдарын беруге негізделуі тиіс, оның ішінде кәсіпкерлік қызметке демеу болу, өткізу нарығын ұйымдастыру;

- теңсіздікті өлшеуді орташа ақшалай табыспен ғана емес, үй шаруашылығының таңдамалы қадағалану нәтижелерін макроэкономикалық көрсеткіштерді есептей отырып жүргізілуі тиіс.

- отбасына қолдау өтемақысы табыстарының құрылымында және де «Кедей балалар үлесі» көрсеткішін, «Үй шаруашалықтарының балалар өтемақысымен – балалары бар отбасыларды қолдау үшін қамтылуы» көрсеткішін жеке жүйеге қосу қажет. Балалар өтемақысының

әсерін бағалау үшін балалары бар отбасыларға номиналды ақша табыстарының құрылымын, бұл өтемақы түрінің осы әлжуаз топ үшін әсерінің өтемақы алатын және алмайтын кедей отбасыларды есептеу үшін адекватты бағалауға мүмкіндік береді. Бұл өтемақының осы санат

қатарындағы әсерін бағалауға мүмкіндік береді; – әлеуметтік қорғаудың статистикалық индикаторларының жүйесін құрауда тиімділігін бағалау үшін аз қамтылған отбасыларды, балалары бар отбасыларды және кедейлер қатарына түсу қаупі бар әлжуаз топтарды анықтап алу қажет.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жыл 24 желтоқсан, Астана.
2. Арғынбаев Х. «Қазақ отбасы: қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбегі». – Алматы: Қайнар, 1996. – 22-23 б.
3. Отбасылық тәрбие, оның тарихи негіздері. Бегалиев Т.Б., Әжібаева Р. Е. Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз. – 2009. – 45 б.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2006. IV-том. – 156-157 б.
5. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия, Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақстан энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. VII-том. – 220-223 б.
6. Энгельс Ф. «Отбасының, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы». – Алматы, 1984. – 5-7б.
7. Жаназарова З.Ж. Социология семьи: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 192-б.
8. Абдыкаликова Г.Н. Становление и развитие системы социальной защиты населения в Республике Казахстан // Материалы международной научно-практической конференции «Социальная модернизация - новая социальная политика» 30 сентября 2011 г., Астана.
9. Sarah O'Hara, Michael Gentile Household Incomes in Central Asia: The Case of Post-Soviet Kazakhstan // Eurasian Geography and Economics, Volume 50, Number 3, May-June 2009, 327 б.

References

1. Nazarbaev N.A. "Kazakhstan – 2050 strategiyasy kalyptaskan memlekettyn jana sayasi bagyty" atty Kazakhstan khalkyna joldauy, 2012 jul 24 jeltoksan, Astana.
2. Argyrbaev Kh., "Kazakh otbasy: Kazakh otbasyryn keshegisi men bugingisi jaiyndagy gylymi zertteu enbegi". – Almaty: Khainar, 1996. – 22-23 b.
3. Otbasylyk tarbie, onyn tarikhi negizderi. Begaliev T.B., Ajibaeva R.E.; Taraz memlekettik pedagogikalyk instituty, Taraz kalasy. 2009. – 45 b.
4. Kazakh tilinin tusindirme sozdigi. – Almaty, 2006. IV tom. – 156-157 b.
5. "Kazakhstan" Ultyk entsiklopediya, Bas red. B.Ayagan., Almaty: Kazakhstan entsiklopediyasynyn bas redaktsiyasy, 2005. – VII tom. – 220-223 b.
6. Engel's F. "Otbasyryn, jeke menshiktin jane memlekettin shygyu". – Almaty, 1984. – 5-7 b.
7. Janazarova Z.J. Sotsiologiya sem'i. Uchebnoe posobie. – Almaty: Kazakh universitety, 2006. – 192 b.
8. Abdykalikova G.N. Stanovlenie i razvitie sistemy sotsial'noi zashchity naseleniya v Respublike Kasakhstan // Materialu mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii "Sotsial'naya modernizatsiya – novaya sotsial'naya poliika" 30 sentyabrya 2011 g., Astana.
9. Sarah O'Hara, Michael Gentile Household Incomes in Central Asia: The Case of Post-Soviet Kazakhstan// Eurasian Geography and Economics, Volume 50, Number 3, May-June 2009, 327 б.

Автор туралы мәлімет:

К.А. Абенова – Т. Рысқұлов атындағы ҚазӘУ